

Хаттама № 1
«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
I - тоқсандық іс-шаралар жиналышы

Түркістан.қ
сағ: 09:10

«31» наурыз 2025ж

Мекеменің толық атауы: «TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

Серіктестіктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Басқармалар үйі, 4 қабат.

Төрағалық етті: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС Басқарма Төрағасы У. А. Юсупов

Қатысты: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС барлық қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы КР заңы
(*Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V КРЗ*)

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
(*Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V КРЗ*);

(КР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу);

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы КР-ның Кодексі
(*2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V КРЗ*);
(Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендердің туралы түсіндіру).

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блоктың менеджері А.С. Копбаева Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V КРЗ заңы бойынша толық түсіндірме жүмыстарын жасады.

Осы Заң сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Осы Занда қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

- лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін - өзі басқару органдарында, сондай - ақ Қазақстан

Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастыруышылық - өкімдік немесе әкімшілік - шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастыруышылық - өкімдік немесе әкімшілік - шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

- мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына немесе тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы - Қазақстан Республикасының осы Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге зандар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады.

Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституациясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституациясының жоғары зандық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституациясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституацияның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституациясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін нормалары зандық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республиканың заңнамасында айқындалады.

Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталып, толық түсіндірме жұмыстары жасалды.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы осы Кодекстен тұрады.
- Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттари мен нормаларына негізделеді.
- Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көзdemейтін заңмен жүзеге асырылады.

Бұл ереже әкімшілік жауаптылықты алып тастау жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодектің **676-бабына** сәйкес кез келген сыйлық, женілдік, тіпті қызмет көрсету **зансыз материалдық сыйақы (пара)** деп танылады.

Ал **пара алушыға** (сыйлықты қабылдаған) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодектің 677-бабына сәйкес **600 АЕК** немесе **2 миллион 70 мың теңге** көлемінде айыппұл салынады.

Бір сөзben, кез келген құнды немесе арзан сыйлық пара болып есептеледі. Ал сыйлық **2 АЕК - 6900 теңгеден** асса, бұл қылмыстық құқықбұзушылық болып саналады. Бұл туралы Қылмыстық кодексінің 367-бабындағы ескертпеде жазылған.

Бұдан басқа, Кодектің **509-бабының 2-тармағына** сәйкес мемлекеттік қызметшілерге және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағандарға, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелеріне сыйлық алуға жол берілмейді.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блок менеджері А.С. Копбаева сыбайлас жемқорлыққа қарсы I - тоқсандық іс - шаралар жиналысының баяндамасын қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықтың тәуекелін азайтып қоғамда салдарын жою үшін әр азамат қарсы тұрып, орын алған жағдайда дер кезінде құзырлы органға немесе 1424 call орталықтарына хабар беру әр азаматтың борышы екендігін айтты.

Басқарма Төрағасы

Хатшы

У. Юсупов

А. Копбаева